

Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 қаңтарда № 16171 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігі Статистика
комитетінің төрағасы*

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының 2017 жылғы
20 желтоқсандағы № 202
бұйрығымен бекітілді

Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және оның аумақтық бөлімшелері өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы көрсеткішін қалыптастыру және есептеу кезінде қолданады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әдіснамалық негіз ретінде 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Өнеркәсіп статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар және өнеркәсіп өндірісінің индексі бойынша халықаралық ұсынымдар пайдаланылды.

4. Осы Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) аутсорсинг (сыртқы мердігерлік) – негізгі өндірістік бірліктің (тапсырыс беруші) тауар немесе қызмет өндіру бойынша тапсырыс берушінің толық немесе ішінара қызметін қамтитын негізгі функцияларды басқа өндірістік бірлікке (мердігерге) мердігерлікке беру;

2) мекеме – бұл бір орында болатын және өндірістік қызметтің тек бір ғана түрімен айналысатын немесе негізгі қызмет түріне қосылған құн салығының басым үлесі тиесілі кәсіпорын немесе кәсіпорын бөлігі;

3) өнеркәсіптік өндіріс индексі – өнеркәсіптегі қосылған құнның физикалық мөлшерінің уақыт бойынша өзгерісін көрсететін өнеркәсіптік статистиканың қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіші;

4) өнеркәсіптегі жалпы қосылған құн – өндірістік өнім шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық;

5) өнеркәсіп өнімінің жалпы шығарылымы – өнеркәсіптік бірліктердің жалпы өндірістік қызметінің нәтижесі түпкілікті тұтыну үшін кез-келген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ескере отырып, осы мекеме шегінде нақты өндірілген немесе көрсетілген, осы мекемеден тыс жерде пайдалану үшін қолжетімді барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қосынды құны.

5. Өнеркәсіптік мекемелердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының алғашқы деректері, қызметінің қосалқы түрі "Өндіріс" болып табылатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемдері, үй шаруашылықтарындағы шығыстар мен кірістер бойынша зерттеу деректері өндірістік өнім (тауарлар мен көрсетілетін қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін ақпараттық база болып табылады.

2-тарау. Өнеркәсіп өнімдерінің көрсеткіштерін қалыптастыру көздері

6. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне сәйкес өнеркәсіптік статистикаға мына секторлар жатады:

тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді игеру;

өңдеу өнеркәсібі;

электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау;

сумен жабдықтау;

қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Өнеркәсіптік өнімнің көрсеткіштерін қалыптастыру үшін статистикалық ақпарат ай сайын былай қалыптастырылады:

жаппай есепке алу: есепті айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру мен жөнелту туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері бойынша орта, ірі және шағын (жылдық өндіріс көлемі 1 миллиард теңгеден жоғары) өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша;

есепті түрде: шағын (жылдық өндіріс көлемі 1 миллиард теңгеден асатын кәсіпорындарды қоспағанда) өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша жете есептеу жүзеге асырылады - соңғы тоқсанға шағын өнеркәсіп кәсіпорындары өндірісінің тоқсандық көлемі 1/3;

қызметінің қосалқы түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын кәсіпорындар бойынша (қызметкерлерінің санына қарамастан) - соңғы тоқсанға қызметінің қосалқы түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын кәсіпорындардың тоқсандық көлемі 1/3;

дара кәсіпкерлер бойынша – соңғы есепті кезеңге дара кәсіпкерлер қызметі туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың жылдық деректерінің 1/12 бөлігі;

үй шаруашылықтарының секторы бойынша – үй шаруашылықтарының шығыстары мен табыстары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау деректері.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Өнеркәсіптік өнімдердің көрсеткіштерін қалыптастыру

1-параграф. Өнеркәсіптік өндірістің индексі

8. Өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі - ӨӨИ) есептеу үшін Ласпейрес типіндегі физикалық көлем индексі пайдаланылады, оның арифметикалық нұсқасы b (мұнда $b \leq 0$) кезеңінде w_i , b салмағын пайдаланумен алынған жеке сандарының

$$\frac{q_{i,t}}{q_{i,0}}$$

салмақталған орташа қатынасын білдіретін Юнга индексі болып табылады. Юнга индексі салмақ және индексті есептеу ($b=0$) үшін базистік кезең сәйкес болған кезінде Ласпейрес индексіне тең. Практикада базистік кезең салмағы үшін (b) айтарлықтай ұзақ кезең 0 және t . Салмақты есептеу жылдық кезеңнің шығындары туралы деректерге негізделеді және саны туралы деректер айға алынады және аса кеш жылға жатады.

9. ӨӨИ есептеу келесі формулалар бойынша жүзеге асырылады:

мұндағы,

$$i_{t/b} = \frac{q_t \times p_b}{q_b \times p_b} \times 100 \quad (1)$$

$i_{t/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

q_t және q_b – тиісінше, есепті және базистік кезеңдердегі өнім мөлшері;

p_b – базистік жылдағы орташа жылдық баға.

мұндағы,

$$i_{t-1/b} = \frac{q_{t-1} \times p_b}{q_b \times p_b} \times 100 \quad (2)$$

$i_{t-1/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда $t-1$ өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

q_{t-1} – өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі өнім мөлшері;

q_b – базистік кезеңдегі өнім мөлшері;

p_b – базистік жылдағы орташа жылдық бағасы.

мұндағы,

$$i_{t/t-1} = \frac{i_{t/b}}{i_{t-1/b}} \times 100 \quad (3)$$

$i_{t/t-1}$ – (1) және (2) формулаларда есептелген индекстерді бөлу жолымен алынатын $t-1$ өткен кезеңімен (өткен айымен, өткен жылғы тиісті айымен немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңімен) салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

$i_{t/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда t есепті кезеңдегі (айдағы немесе есепті жылдың басынан бастап кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер;

$i_{t-1/b}$ – базистік жылдың орташа айлық көлемімен салыстырғанда $t-1$ өткен кезеңдегі (өткен айдағы, өткен жылғы тиісті айдағы немесе өткен жылдың басынан бастап тиісті кезеңдегі) өндірістің өзгеруін сипаттайтын индекстер. $t-1$ кезеңіндегі өндіріс көлемімен t уақыт кезеңіндегі өндіріс көлемін салыстыру базистік жылдың орташа айлық мәнінен осы екі көлемнің ауытқуларын салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

10. ӨӨИ есептеуінде құндық шығарылым көлемдерін пайдаланған кезде, физикалық шығарылым көлемдеріне өту үшін сәйкес келетін дефлятор пайдаланылады. Дефляторлау екі компоненттен: баға компоненті және физикалық көлем компонентінен тұратын деректерден физикалық көлем (өнімнің физикалық саны және сапасы) компонентін айқындау арқылы ажықталады. ӨӨИ есептеу кезінде өнеркәсіптік өнім өндірушілерінің баға индексін пайдалану арқылы дефляторлау әдісі қолданылады. ӨӨИ-ін есептеу алгоритмі Өнеркәсіптік өндірістің индексін есептеу әдістемесінде келтірілген.

11. Өнеркәсіптегі қосылған құнның қысқа мерзімдік өзгерісінің ең жақсы аппроксимациясын алу ӨӨИ-ін құру кезіндегі міндет болып табылады. Қосылған құнды есептеу негізін шығарылымның құндық көлемі және физикалық мәндегі шығарылым көрсеткіштері құрайды.

12. Шығарылымның құндық көлемі сол мерзімде өндірілген және мерзімдегі басым бағада бағаланған кезеңде сату үшін де, сондай-ақ өзінің тұтынуы үшін өндірілген тауарларды және көрсетілетін қызметтерді қамтиды. Өндіріс құрылымын өзгертуге әсер ететін процестерді қоспағанда (атап айтқанда, аутсорсинг және аутстаффинг), қосылған құн мен шығарылым көлемі қысқа мерзім ішінде айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды.

13. Аутсорсинг үш қалыпта жүзеге асырылады: қосымша функциялардың аутсорсингі, өндіріс процесі бөліктерінің аутсорсингі, барлық өндірістік процестің аутсорсингі. Аутстаффинг кезінде жұмыспен қамту бойынша агенттіктің немесе ұқсас ұйымдардың өнеркәсіптік мекемелерін кадрлық ресурстар ұсынуы жүзеге асырылады.

2-параграф. Өндірістің нақты және құндық мәндегі көлемі

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Физикалық көріністегі өндіріс көлемі өнімдер өндірісі даналармен, тонналармен, литрлермен өлшенгенде анықталады. Сапалы сипаттамалар қарастырылатын кезеңде өзгермейтін біртекті өнімдер өндірісі кезінде осы тәсіл қолданылады. Тауардың сапалы сипаттамалары оны экономикалық жағынан басқалардан айыруға болады және әр уақытта өзгеруі мүмкін. Өнімдер сапасының өзгерісі өнімдер физикалық көлемінің

өзгерісіне кіреді және ӨӨИ есептеу кезінде есепке алынады. Физикалық көріністегі шығарылым гамогендік өнімдер өндірілетін салаларда салаларда өнеркәсіптік өндірісті өлшеген кез пайдаланылады және оның сапасы уақыт өте келе өзгеріссіз қалады.

15. Өндірістің нақты мәндегі көлемі туралы статистикалық ақпарат кәсіпорындар бойынша және сала ауқымында олардың жеке түрлерінің жиынтық қорытындысын алуды қамтамасыз ететін өнімдер атауының белгіленген тізбесіне сәйкес қалыптастырылады. Өндірістің нақты мәндегі көлемі есепке алудың біркелкілігін және деректерді жинақтауды қамтамасыз ететін өлшем бірліктерде өзінің түпкілікті тұтынуы үшін өнімді қоса алғанда жалпы шығарылым бойынша есепке алынады.

Өндірістің нақты мәндегі көлемі туралы көрсеткіштер өнеркәсіптік өнімді өндірумен айналысатын дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметін ескере отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық тобы бойынша есепке алынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Өндірілген өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі құндық мәнде өндіруші кәсіпорындардың бағаларында есептеледі, яғни қосылған құн салығы және акциздер, сауда және өткізу үстемесі, өндірушіден сатып алушыға өнімнің қозғалысына байланысты көлік және басқа да шығыстар есепке алынбайды. Өндірілген өнеркәсіптік өнімнің көлеміне өткізуге арналған өнімнің, одан әрі қайта өңдеуге арналған тауарлардың, өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) (ағымдағы жөндеуден және меншікті негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсетуден басқа) құны енгізіледі. Өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өндірілген өнімнің көлеміне олардың құны бойынша , бұл ретте жұмсалған меншікті қосалқы материалдардың құнын қоса алғанда, бірақ тапсырыс берушіден алынған бұйымдар мен материалдардың құнынсыз енгізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Жөнелтілген өнімнің құндық көріністегі көлемі

17. Жөнелтілген өнімнің құндық көріністегі көлемі – есепті кезеңде аталған мекеменің барлық өндірілген тауарларын сыртқа беруі. Мекеме өндірген тауарлардың санына аталған мекемеден жіберілген материалдардан жасалған басқа да ұйымдардың тауарлары қосылады.

18. Жөнелтілген тауарлардың құны клиенттерге берілген шот-фактураларға енгізілген барлық шығындар қоса алғанда, тұтынушы (жіберілген бағасы немесе жеткізу бағасы) үшін тағайындалған мекеменің бағасы бойынша есептеледі, шығыстар көлік операциялары (аталған мекеменің көлік құралдарымен де жүзеге асқан, сондай-ақ басқа да сыртқы ұйымдар да жүзеге асқан) шығыстарына қатысты жекелеген шоттарға енгізіледі. Осы позициядан қайтарылған ақшалай қаражат, тұтынушыларға ұсынылған қайтарылатын тауарларға бағалық жеңілдіктер, сондай-ақ қайтарма қаптамасының құны шегеріледі. Сату бойынша есептілікте сату көлемдерінен шегерілетін ақшалай нысандағы жеңілдіктер кіреді. Құндық бағалаудан аталған мекеме дайындаған өнімге салынатын барлық баждар және салықтар, соның ішінде клиент үшін шот-фактураға енгізілетін қосылған құн салығы да алынып тасталады.

4-тарау. Өндірістің технологиялық қарқындылығы негізінде өнеркәсіп салаларын жіктеу

19. Өңдеу өнеркәсібінің құрылымдық өзгерістері ең алдымен оның неғұрлым жоғары қосылған құны бар жаңа және жылдам дамып келе жатқан салаларды құру қабілетін көрсетеді. Өңдеу өнеркәсібінің пайдаланылатын салалық жіктеуішінің негізін Ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструктивтік жетілдіруге арналған салалық шығыстарды қосылған құн мөлшері және өндіріс статистикасымен байланыстыратын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жіктеуіші құрайды.

20. Шикізатты өңдеуді негізінен еңбекті көп қажет ететін өндірістік процестер және төмен капитал сыйымдылығымен сипатталатын, технологиялары төмен деңгейлі қызмет түрлері құрайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Төмен технологиялы өндіріске Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішінің төмендегі бөлімдеріне сәйкес келетін, көп капиталды қажет ететін, технологиялары төмен деңгейлі өңдеу өнеркәсібінің саласы жатқызылады:

тамақ өнімдерін өндіру;

сусындар өндіру;

темекі өнімдерін өндіру;

тоқыма бұйымдарын өндіру;

киім өндіру;

былғары және оған жататын өнімдерді өндіру;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру;

қағаз және қағаз өнімдерін өндіру;

полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту;

жиһаз өндіру;

өзге де дайын бұйымдар өндіру.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Жоғары технологиялы, орта жоғарғы технологиялы және орта технологиялы өңдеу өндірісі неғұрлым күрделі технологиялармен, біліктілікке деген жоғары талаптармен, кешенді оқыту мен технологиялық белсенділікпен сипатталады. жоғары технологиялық өндірістерде ғылыми әзірлемелерге, технологиялық инфрақұрылымға жоғары инвестициялары, арнайы техникалық дағдылардың деңгейі және тығыз институционалдық өзара іс-қимылы бар озық тез өзгертін, Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішінің келесі бөлімдеріне сәйкес келетін технологиялар қолданылады:

жоғары технологиялы:

негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру;

компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру;

орта және жоғары технологиялы:

химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;

электр жабдықтарын өндіру;

басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру;

автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру;

басқа көлік құралдарын өндіру;

орта технологиялы:

кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру;

резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру;

өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру;

металлургия өндірісі;

машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру;

машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымын есептеу

23. Өнеркәсіптік өндіріс статистикасы көрсеткіштері жүйесіндегі нақты өнім түрлерін өндірді сипаттау үшін пайдаланылатын физикалық көрсеткіштер орталық

орын алады. Өнеркәсіптік өндірістің жиынтық сипаттамалары үшін әр текті өнім түрлерінің салыстырмалылығын қамтамасыз ете отырып сала қызметінің жиынтық қорытындысын алуға мүмкіндік беретін құндық көрсеткіштер қолданылады.

24. Өнеркәсіптік өндіріс статистикасының негізгі жиынтық құндық көрсеткіші өнеркәсіптік өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы болып табылады, есептеу экономикалық қызмет түрлерінің жіктеліміне сәйкес жалпы секциялар, бөлімдер мен топтар бойынша жүзеге асырылады. Жалпы шығарылымды есептеу өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің жекелеген санаттарының, соның ішінде негізгі және қосалқы қызмет түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер шаруашылықтары, үй шаруашылықтары деңгейінде жүргізіледі. Өнеркәсіптік өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымын есептеу ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

25. Өнеркәсіптік өнімнің (тауарлар, көрсетілген қызметтер) жалпы шығарылым бойынша деректер жасырын және бейресми қызметін ескере отырып, қаржылық емес сектор бойынша қалыптасады:

мұндағы,

$$V_{\text{жалпы барлығы}} = V_{\text{жалпы карж.емес}} + V_{\text{барлығы бейресми}} \quad (4)$$

$V_{\text{жалпы барлығы}}$

- тұтастай өнеркәсіп саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылым көлемі;

$V_{\text{жалпы карж.емес}}$

- қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылымы көлемі;

$V_{\text{барлығы бейресми}}$

- формальды емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылымы;

Өнеркәсіптік өнімнің жалпы шығарылымын жалпы өнеркәсіп бойынша шартты есептеудің мысалы осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

26. Қаржылық емес сектор кәсіпорындары өнімінің жалпы шығарылымының көлемі келесі формуламен анықталады:

мұндағы,

$$V_{\text{жалпы карж. емес}} = V_{\text{тауар карж. емес}} + V^{\text{ізз}} + (V_{\text{аяқталм аяғы}} - V_{\text{аяқталм басы}}) + V_{\text{өңделме}} \quad (5)$$

$V_{\text{жалпы карж. емес}}$

- заңды тұлғалардың және құрылымдық бөлімшелердің қаржылық емес сектордағы өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі;

$V_{\text{тауар карж. емес}}$

- сыртқа өткізуге арналған өнімді ескеріп, қаржылық емес сектордың өндірілген өнімдер (тауар шығарылымы) көлемі;

$V^{\text{ізз}}$ - аталған мекеме ішінде өзінің пайдалануы үшін өнімдер көлемі;

$V_{\text{аяқталм басы}}$ · ЖӘНЕ · $V_{\text{аяқталм соны}}$

- есепті кезеңнің басына және аяғына аяқталмаған өндіріс қалдықтарының құны;

$V_{\text{өңделме}}$ - басқа кәсіпорындарға өңдеуге берілген өңделме шикізат құны.

27. Қаржылық емес сектор бойынша қолданыстағы бағалардағы тауарлық шығарылым ай сайын мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V_{\text{тауар карж. емес}} = V_{\text{ірі, орташа, шағын}} + \frac{V_{\text{шағын.}} + V_{\text{қос.}}}{3} + \frac{V_{\text{дк.}}}{12} \quad (6)$$

$V_{\text{тауар карж. емес}}$

- негізгі және қосалқы қызмет түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын кәсіпорындар, дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер шаруашылықтарының қолданыстағы бағадағы өндірілген өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтерінің) көлемі;

$V_{\text{ірі, орташа, шағын}}$

- ай сайынғы статистикалық байқау деректері бойынша алынған, орта, ірі және шағын (жылдық өндіріс көлемі 1 миллиард теңгеден жоғары) өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша қолданыстағы бағада өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{\text{шағын}}$

- тоқсан сайынғы статистикалық байқау деректері бойынша алынған, шағын (жылдық өндіріс көлемі 1 миллиард теңгеден асатын кәсіпорындарды қоспағанда) өнеркәсіптік кәсіпорындар бойынша қолданыстағы бағадағы өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{\text{қос.}}$

- тоқсан сайынғы статистикалық бақылау деректері бойынша алынған, қосалқы қызмет түрі "Өнеркәсіп" болып табылатын кәсіпорындар бойынша қолданыстағы бағадағы өндірілген өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) көлемі;

$V_{\text{дк.}}$

- дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру немесе қайта өңдеумен байланысты қызметті жүзеге асыратын шаруа немесе фермер шаруашылықтары өндірген өнім көлемі дара кәсіпкерлердің өнім көлемінде есепке алынады және дара кәсіпкерлер қызметі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың деректері негізінде қалыптастырылады.

29. Қаржылық емес сектор өнімдерінің жалпы шығарылым көлемі статистикалық себептер бойынша жасырын қызметке жете есептеумен есептеледі, яғни кәсіпорындарды толық қамтымау және шығарылатын өнім туралы есепті алмау:

$$V_{\text{жасыр.}} = V_{\text{жасыр.}}^{\text{стат}} + V_{\text{жасыр.}}^{\text{экон}}$$

(7)

мұнда:

$V_{\text{жасыр}}$

- статистикалық себептер бойынша жасырын қызметті жете есептеуді есепке алумен қаржылық емес сектор өнімінің жалпы шығарылым көлемі;

$V_{\text{жасыр}}^{\text{стат}}$

- қаржылық емес сектор өнімінің жалпы шығарылым көлемі;

$V_{\text{жасыр}}^{\text{эконом}}$

- статистикалық себептер бойынша жасырын қызметтің өндірілген өнім көлемі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Статистикалық себептер бойынша өндірілген жасырын өнім көлемін анықтау үшін кәсіпорындардың толық қамтылмағандығына және шығарылған өнім туралы есептіліктің алынбағандығын жете есептеу жүзеге асырылады:

мұндағы,

$$V_{\text{жасыр}}^{\text{стат}} = \left(\frac{V_{\text{шағын}}}{N_{\text{шағын}}^{\text{есепт}}} : 12 \right) \times (N_{\text{шағын}}^{\text{белс}} - N_{\text{шағын}}^{\text{есепт}}) \quad (8)$$

$V_{\text{жасыр}}^{\text{стат}}$

- статистикалық себептер бойынша өндірілген жасырын өнім көлемі;

$V_{\text{шағын}}$ - алдыңғы жылға шағын кәсіпорындар өндірген өнім көлемі;

$N_{\text{шағын}}^{\text{есепт}}$

- алдыңғы жылға белсенді шағын кәсіпорындар саны;

$N_{\text{шағын}}^{\text{белс}}$

- алдыңғы жылға есеп берген шағын кәсіпорындар саны;

$$(N_{\text{шағын}}^{\text{белс}} - N_{\text{шағын}}^{\text{есепт}})$$

- шығарылым туралы мәліметтері жоқ немесе өнім көлемі төмендетілген кәсіпорындар санының айырмашылығын көрсетеді.

31. Алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 08.12.2022 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Қаржылық емес өнеркәсіптік қызметтің көлемін анықтау үшін іріктемелі байқаулар жүйесіне негізделген есептік әдістер пайдаланылады. Қаржылық емес секторға үй шаруашылықтары үшін сипатты келесі қызмет түрлері бойынша жанұя бюджетін тоқсандық іріктемелі зерттейтін деректер негізінде есептелетін үй шаруашылықтарындағы тауарлар өндірісі:

тамақ өнімдерін өндіру: етті қайта өңдеу және консервілеу, ет өнімдерін өндіру; балықты, шаян тәрізділерді және былқылдақ денелілерді өңдеу және консервілеу; жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеу; өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру; сүт өнімдерін өндіру; ұн тарту өнеркәсібінің өндірісі, крахмалдар және крахмал өнімдерін өндіру; нан және ұн өнімдерін өндіру; басқа да тамақ өнімдерін өндіру; жануарларға арналған дайын азықтарды өндіру;

сусындарды өндіру;

тоқыма өнімдерін өндіру;

киім өндіру;

жиһаздан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру;

сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру;

өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру жатады.

33. Қаржылық емес сектордың өндірген өнімінің көлемі ай сайын мынадай формула бойынша есептеледі:

мұндағы:

$$V_{\text{жалпы карж. емес}} = \frac{V_{\text{үй}}}{3} \quad (10)$$

V_{жалпы карж. емес}

- қаржылық емес сектордың өндірген өнімінің көлемі;

$V_{\text{үй}}$ - ағымдағы кезеңде қолданыстағы бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі.

34. Ағымдағы кезеңде қолданыстағы бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

мұндағы:

$$V_{\text{үй}} = V_{\text{t/o}}^{\text{үй}} \times I^{\text{баға}} \quad (11)$$

$V_{t/o}^{уї}$ - ағымдағы кезеңде қолданыстағы бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі;

$V_{t/o}^{уї}$

- ағымдағы кезеңде базисті бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі;

$I_{бага}$

- базистік жылдың ұқсас кезеңіне ағымдағы кезеңнің баға индексі.

35. Ағымдағы кезеңде базисті бағадағы (алдыңғы жылдың бағасында) үй шаруашылықтары өндірген өнім көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:
мұндағы,

$$V_{t/o}^{уї} = V_o^{уї} \times I^{уї} \quad (12)$$

$V_{t/o}^{уї}$

- ағымдағы кезеңде базисті бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі;

$V_o^{уї}$

- базисті кезеңде базисті бағадағы үй шаруашылықтарында өндірілген өнім көлемі;

$I^{уї}$ - базистік жылдың ұқсас кезеңіне ағымдағы кезеңнің үй шаруашылықтарындағы нақты көлем индексі.

Өнеркәсіптік өнімдердің
(тауарлардың, көрсетілетін
қызметтердің) көрсеткіштерін
қалыптастыру және жалпы
шығарылымын есептеу
жөніндегі әдістемеге 1-қосымша

Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	20	93 928						93 928
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	22	57 617						57 617
Өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру	23	261 308	1 900	80,3	1 526	96,5	1 472	262 780
Металлургия өнеркәсібі	24	1 686 067						1 686 067
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды өндіру	28	113 446						113 446
Компьютерлерді, электрондық және оптикалық өнімдерді өндіру	26	66 833						66 833
Автокөлік құралдарын, трейлерді және жартылай тіркемелерді өндіру	29	117 398						117 398
Өзге де дайын бұйымдарды өндіру	32	65 803						65 803
Электрмен жабдықтау, газ, бу								

беру және ауа баптау Сумен жабдықтау ; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	D және E	464 130						464 130
---	----------	---------	--	--	--	--	--	---------

Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістемеге 2-қосымша

Қаржылық емес сектор өнеркәсіптік өнімдерінің жалпы шығарылымын есептеу мысалы (шартты мысал)

млн. теңге

Қызмет түрлерінің атауы	Коды	Сыртқа өткізу үшін тағайындалған өнімдер есебімен өндірілген өнім (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі	Осы мекеменің ішінде өзінің қажеттіліктері үшін өнім көлемі	Аяқталмаған өндіріс қалдықтарының өзгерісі	Басқа кәсіпорындарға өңдеуге берілген шикізаттың құны	Жасырын және бейресми қызметі есебімен қаржылық емес сектор өнімінің жалпы шығарылым көлемі
A	B	1	2	3	4	5=1+2+3+4
Өнеркәсіп - барлығы		7 624 543	793 456	7 552	125 280	8 550 831
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	B	4 445 328	269 811	1 150	4 149	4 720 439
Көмір және лигнит өндіру	05	71 817	59 933			131 750
Шикі мұнайды және табиғи газды өндіру	06	3 776 625	12 290			3 788 914

Табиғи газды өндіру	06.2	25 140	11 477			36 617
Мұнай және табиғи газды өндіру саласындағы техникалық қызметтер	09.1	186 659		48		186 708
Уран және торий кенін өндіру	07.21	16 923		188		17 110
Металл кендерін өндіру	07	304 264	181 566	830	4 149	490 810
Тау-кен өндіру өнеркәсібінің өзге де салалары	08	63 900	4 545	84		68 530
Өңдеу өнеркәсібі	C	2 764 928	474 093	6 402	121 131	3 366 554
Тамақ өнімдерін өндіру	10	396 661	8 400	248	5 729	411 038
Темекі өнімдерін өндіру	12	63 414	524			63 938
Тоқыма бұйымдарын өндіру	13	26 191	1 883	82	1 489	29 645
Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	15	2 573	113	-3	1 039	3 722
Жиһаздан басқа, ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіру	16	6 060	212			6 272
Қағаз және қағаз	17	69 574	956	-287	724	70 966

өнімдерін өндіру						
Кокс және мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіру	19	193 098	39 235	-1 140	96 068	327 261
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	20	72 253	20 209	117	1 344	93 923
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	22	56 608	906	-123		57 392
Өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру	23	245 237	8 721	67	5 398	259 423
Металлургия өнеркәсібі	24	1 305 413	364 827	6 972	8 085	1 685 297
Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды өндіру	28	97 907	13 990	424	949	113 271
Компьютерлерді, электрондық және оптикалық өнімдерді өндіру	26	65 878	602	8	268	66 756
Автокөлік құралдарын, трейлерлерді және жартылай тіркемелерді өндіру	29	117 197	137	36	18	117 389
Өзге де дайын бұйымдарды өндіру	32	46 865	13 377	-1	20	60 261
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау.						

Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды ң жиналуын және таратылуын бақылау	D және E	414 288	49 551			463 839
--	----------	---------	--------	--	--	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК